

Қазақ халқы өнерге бай. «Өнерлі ел налымас, өнерсіз ел жарымас» дегендей халқымыздың қанына сіңген құдіретті өнері ауыз толтырып айтарлық. «Әу!» демейтін қазақ жоқ демекші, біздің халқымыз күміс көмей, жезтаңдай өншілігімен, мың бұралған бишілігімен, күмбірлеткен күйшілігімен, «сөз қадірін-өз қадірім» дейтін шешендігімен, дарындылығымен танымал.

XX ғасырдың Қазақ музыка тарихында ерекше орын алған алғашқы қазақ кәсіби композитор, академик А.Қ. Жұбанов қазақ халқының арасында дарынды өнші-сазгерлер мен күйші - сазгерлерді зерттеген «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары» атты еңбектерінде өншілік, күйшілік өнердің ауызша дәстүр ретінде дамып, қазіргі уақытқа дейін жетілдірген мұрасын атап кеткен жөн. Себебі А.Қ. Жұбанов еліміздің музыкалық өнеріндегі және тарихындағы ауыз толтырып айтатын өнерлі, талантты жастарды ауылдардан жинап, кәсіби музыкалық өнердің дамуына жол салды.

Таланттылық, дарындылық - қоғамдағы бір құндылық ретінде қарастырылатындықтан, балалармен жұмыс істеу адам ресурсын барынша жақсы пайдалану болып табылады. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жас таланттарды қолдау бағдарламасы және Президенттің «Дарынды балаларға арналған мектептерді қолдау мен дамыту» қаулысы, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жасаған концепция қызмет атқаруда. Осындай маңызды, кең ауқымды істі жетілдіруде жалпы білім беру мекемелерінің алар орны орасан зор.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев өзінің қыркүйек айындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында қозғалған негізгі тақырыптардың бірі-сапалы білім беру мәселесіне ерекше назар аудару. Мемлекет басшысы педагогтардың материалдық жағдайы мен кәсіби біліктілігін арттыру, оқу бағдарламаларын жетілдіру, тегін техникалық және кәсіптік білім берумен толық қамту, дарынды балаларды қолдау, жаңа мектептер салу, отандық ғылымды дамыту - Қазақстанда сапалы білім берудің мықты іргетасын

қалау үшін пысықтау қажет нәрселердің бірі екендігіне жеке тоқталып өтті. Жолдаудағы жас талантты және дарынды балаларды қолдау керектігі ерекше назарға алынды. Онда қазіргі таңдағы дарынды балаларға шетелдік жоғары оқу орындары білім гранттары ұсынатындығы, олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері ҰБТ нәтижелері негізінде ЖОО-ға түсетіндігі, осыған байланысты оларға байқауға қатыспай-ақ білім беру гранттарын беру

қалық мәдениетін тәрбиелеу.

Мектептегі музыка пәнін оқытудың басты міндеті – оқушылардың музыканы тыңдаушылық мәдениетін қалыптастыру. Өйткені, бүгінгі күннің оқушысы болашақтағы өзінің қызығушылығы мен

Мем.лиц. 12019073 14.11.2012 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінен берілген.

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ...

мәселесін реттеу қажеттілігі жайында баяндалды.

Мектептегі мақсатты бағытталған және жүйелі қойылған музыкалық білім, тәрбие беру, өнерге баулу жұмыстары музыка пәні бойынша өткізілген сабақтарда және сыныптан тыс уақытта өткізілетін жаппай көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруда, үйірмелердің жүйелі жұмыс жасаудағы іс-әрекетінде іске асырылады.

Жас ұрпақтың музыка өнерімен айналысындағы алғашқы қадамы мектепке дейінгі кезеңде басталады. Ол теледидардан, интернет желісінен балаларға арналған мультфильмдер мен музыкалық хабарларды көріп, музыканы тыңдау арқылы эмоционалды әсер алады. Ол музыканы тыңдай отырып, ырғағына сәйкес қимылдар жасап, әуенін орындай қуанышқа бөленеді. Егерде бала мектепке дейін бала бақшасында тәрбиеленсе, онда баланың эмоционалды қабылдауы, музыкалық есту қабілеті, ән айтуы, музыкалық ырғақтық қимылдар жасауы, балаларға арналған аспаптарда орындауы сияқты бастапқы дағдылары дамины.

Жалпы білім беретін мектептегі музыка пәнінің мақсаты – оқушылардың рухани азығынын қажетті бөлігі-музы-

талғамын білдіретін тыңдаушы. Ғылыми-техникалық прогрестің, жаңа педагогикалық технологиялардың, бағдарламалардың, интерактивті әдістердің жетілдірілуі музыка тыңдатудың мүмкіндіктерін кеңейтуде. Қазіргі уақытта жаңа инновациялық технологияларды пайдалану және техникалық құрал-жабдықтарды қолдану арқылы әртүрлі жанрларда, стильдерде, ондеулерде жазылған музыкалық шығармаларды оқушыларға тыңдатуға жағдайлар жасалынған.

Талантты оқушыларды анықтау және олармен жұмыс істеуді ұйымдастыру үшін ғылымда аналитикалық, түрлі тесттер, анкеталар, ата - анасымен әңгімелесу, мұғалімнің сипаттамасы, диагностикалық әдістер қолданылады. Дарынды, жас талантты тәрбиелеуде мектептегі музыка сабағының ролі ерекше орын алады. Мектептегі музыка сабағының басқа пәндерге ұқсастығы мен өнер сабағы ретінде айырмашылығы бар. Оның басқа пәндермен ұқсастығы мынада: оқу жоспарына енгізілген барлық пәндердің негізгі мақсаты жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуінде; кез-келген сабақтың жоспарын құрастырудағыдай психологиялық, педагогикалық заңдылықтарға сүйеніп, бала-

лардың жас ерекшеліктеріне тән олардың қабылдауы, ақыл-ойы, қиялы ескерілуінде; оқытудың барлығы жалпы дидактикалық принциптерге негізделіп құрылуында; музыканың басқа пәндермен байланысында; әртүрлі іс-әрекеттерді мақсатты қолданып, сабақтың бүтін өтуінде; оқытудың негізгі әдістерін қолдануында.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі Мәдениет және спорт факультетінің «Музыкалық білім және көркем еңбек» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы жыл сайын Түркістан облысындағы жалпы білім беру мекемелерімен, мектептермен тығыз байланыс жасап, өнерді сүйетін талантты бітіруші түлектердің қатысуымен «Жас талант» атты өн байқауын ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды және де осындай іс - шаралар өскелең ұрпақтың болашақ мамандығын таңдауға жол көрсетеді. Осы байқауға және республикамыз бойынша өткізіліп жатқан байқауларға қатысқандарынды мектеп оқушылары қазіргі таңда университетімізге және республикамыздың ЖОО түсіп, өнерлерін шыңдай түсуде. Қорыта келгенде әр кезде де өнердің шоқтығы биік болғандықтан байқаулардан сүрінбей өткен жас талантты ұрпаққа шығармашылық жұмыстың сарқылмауын, өнердің өрінде, сахнаның төрінде жүругендеріне, «Өнерлерің өрге өссін жас талант» деп айтқымыз келеді.

Ф.ТАНКЕШОВА, С.ЕЛҒОҢОВА,
М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Музыкалық білім және көркем еңбек» кафедрасының аға оқытушылары,
Б.КУЛЬБАЕВА,

Ы. Алтынсарин атындағы
№65 мектеп - гимназияның